

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 481 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 519 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 481 қаулысына (2005 жылғы 24 мамырдағы "Казахстанская правда" N 132-133 (24742-24743)) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ықтимал жеткізушінің тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге (консультациялық қызметтерді; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарды қоспағанда) арналған конкурстық өтінімнің бағасы, егер ол конкурсқа қатысу үшін ұсынылған барлық конкурстық өтінімдердің орташа арифметикалық бағасынан, сондай-ақ конкурсқа қатыспайтын және осы Ереженің 3-тармағына сәйкес конкурс мәніне ұқсас біркелкі тауарлар, жұмыстар мен қызметтер (консультациялық қызметтерді; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарды қоспағанда) бойынша баға туралы өз ақпаратын берген өзара аффилиирленбеген кемінде үш жеке және/немесе заңды тұлғалардың бағасынан отыздан астам пайызға төмен болған жағдайда демпингтік болып танылады." ;

мынадай редакциядағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Ықтимал жеткізушінің өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға

және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарға берілген конкурстық өтінімінің бағасы жобалау-сметалық құжаттамада көзделген, мемлекеттік сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген бағадан отыз және одан көп пайызға артық болған жағдайда демпингтік болып танылады."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК